



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 10/88
9 наурыз



www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстанда паллиативтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты 2020 жылы бекітілді. Одан кейін Денсаулық сақтау министрлігі 2022-2024 жылдарға арналған балаларға паллиативтік көмекті дамытудың Жол картасын әзірледі. Алайда, сала мамандарының айтуынша, нәтижелі өзгерістер аз.

«Паллиативтік көмек кешеуілдеп тұр»
МАҚАЛАСЫНАН
«ORTALYQ QAZAQSTAN»



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Бүгінде паллиативтік көмек медицинаның бір бағыты ретінде қарастырылады. Аталған ұйымның зерттеуінше, паллиативтік көмекке мұқтаж жандардың басым бөлігі жүрек қантамыр ауруларына шалдыққан. Одан кейін обыр, созылмалы респираторлық аурулар, төртінші орында – АИТВ, сосын – қан диабеті.

«Паллиативтік көмек кешеуілдеп тұр»
МАҚАЛАСЫНАН
«ORTALYQ QAZAQSTAN»

ПРЕЗИДЕНТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК ШАРАҒА ҚАТЫСТЫ



Президент салтанатты жиынға қатысқан әйелдер қауымын мерекемен құттықтап, сөз сөйледі. – 8 наурыз – көктем мерекесі. Бұл – сұлулықтың, мейірім мен жылулықтың символына айналған мереке. Біз ер-азамат болып, сіздерді жоғары бағалаймыз, құрметтейміз және жақсы көреміз. Нәзік жандарға деген біздің ықыласымыз, ілтипатымыз әрдайым ерекше. Жалпы, әйелді құрметтей білген қоғамды мәдениетті, өркениетті қоғам деуге болады. Дана халқымыз қашанда анасын ардақтап, аруларын сыйлай білген. Қыздарын қадірлеп, төріне шығарған. Бұл – ежелден қанымызға сіңген асыл қасиет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы елдіктің жүгін ер-азаматтармен қатар

көтеріп, адал еңбек етіп жүрген әйелдер қауымына алғыс айтты. Сондай-ақ мемлекет тарапынан оларға әрдайым қолдау көрсетілетінін жеткізді. – Менің бастамамен өкілді билік саласында сіздерге арнайы квота бөлінді. Қазіргі таңда Парламент пен мәслихаттардағы әйелдердің үлесі артты. Бұл бағыттағы жұмыс жалғаса береді. Қыз-келіншектер Отанымызды дамытуға елеулі үлес қосып жатыр. Өз кәсібін дөңгелетіп жүрген белсенді әйелдеріміз аз емес. Сондай-ақ өндірісте, ғылымда және спортта табысқа жеткен аруларымыз көп. Қазақстандағы ұстаздардың басым көпшілігі – әйелдер. Сіздер жас ұрпақты отаншылдыққа, білімпаздыққа, еңбекқорлыққа

баулып жүрсіздер. Ұлт саулығын жақсартуға зор еңбек сіңіріп келесіздер. Қазақстанның көркеюіне елеулі үлес қосып жүрген осындай жандар зор құрметке лайық. Бұл – керемет үрдіс, – деді Президент. Салтанатты жиында Мемлекет басшысы «Ару-Ана» үздік әйелдер жобасы байқауының жеңімпаздарын марапаттады. Бұл жолы марапат түрлі салада әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асырып, азаматтық қоғамның дамуына елеулі үлес қосып жүрген қыз-келіншектерге алты номинация бойынша табысталды.

«Азаматтық сана-сезімді дамыту бағытындағы үздік жоба» номинациясы бойынша – Ахмеджанова Әлия Серікболқызы; «Ұлттық мәдени мұраны насихаттау бағытындағы үздік жоба» номинациясы бойынша – Михалёва Анастасия Анатольевна; «Агробизнес саласындағы үздік жоба» номинациясы бойынша – Арқашбаева Ботагөз Махамбетқалиқызы; «Креативті индустрия саласындағы үздік жоба» номинациясы бойынша – Еділбекова Мәдина Еділбекқызы;



«Ауыл әйелдерін дамытуға арналған үздік жоба» номинациясы бойынша – Елшібаева Бақытгүл Қазезбайқызы; «Ғылым саласындағы үздік жоба» номинациясы бойынша – Шакуликова Гүлзада Тәңірбергенқызы;

Салтанатты жиыннан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған «Әйелмен әлем әдемі» атты мерекелік концертті тамашалады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ҚАЛА ӘКІМІНІҢ САЛТАНАТТЫ ҚАБЫЛДАУЫ



Приозерск қаласында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған қала әкімінің салтанатты қабылдауы өтті.

Іс-шара барысында қала әкімі Ахметов Мансұр Талғатұлы мерекеге жиналған барша қауымға өзінің ыстық ықыласы мен құттықтауын арнап, атаулы шараның шымылдырығын ашты.

Ибрашева М.Х., Райимбаева А.А., Тургумбаева Г.М., Федосеева Т.И. қажырлы еңбектері үшін қала әкімінің алғыс хаттарымен табысталды. Залға жиналған барлық нәзік жандарға қала әкімінің шынайы ықыласымен арнайы сыйлығы таратылды.

Приозерск қалалық маслихатының құрмет грамоталары және



Мереке қарсаңында Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 19-ақпандағы №484 жарлығы бойынша қаламыздың 3 көпбалалы аналарына «Күміс алқа» медалі, №2 суқойма учаскесінің басшысы Ойнагул Уринбайқызы Каламбаеваға Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Сонымен қатар, қаламыздың дамып өркендеуіне әр түрлі салада өз үлесін қосып жүрген әйелдерді марапаттау рәсімінде Абдыгаппарова Д.Т., Жакупова Э.А., Касымова У.Е., Сыздыкова С.М. толағай еңбектері үшін құрмет грамоталарымен мадақталып, Артикова Г.З., Әшім А.А., Бейсеева З.А., Кузнецова В.М.,

алғыс хаттарымен маслихат төрағасы Исатаев Алтай Нәсіпбекұлы қаламыздың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық саяси өміріне белсене қатысып жүрген біршама азаматшаларын марапаттады.

Сонымен қатар, Достық шығармашылық орталығының фойесін қалалық кітапхана және білім беру ошақтары тақырыптық көрмемен безендіріп, қаламыздың және арнайы шақырылған өнерпаздардың әуезді әндері барша әйелдер қауымына мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Приозерск қаласының әкімдігі

«ӘЛЕМНІҢ ЖАРЫҒЫН СЫЙЛАҒАН - АНА» АКЦИЯСЫ



Қалалық мәслихат төрағасы Алтай Нәсіпбекұлы Исатаев пен қалалық мәслихат депутаттары Қазақстан Республикасы мәслихаттарының 30 жылдығына арналған «30 жақсы игі іс» жоспарына сәйкес, «Әлемнің жарығын сыйлаған - АНА» акциясы аясында көпбалалы аналарды қабылдады. Қабылдауға

Председатель городского маслихата Исатаев Алтай Насипбекович и депутаты городского маслихата провели прием многодетных матерей в рамках акции «Әлемнің жарығын сыйлаған - Ана» в соответствии с планом «30 добрых дел» посвященной 30-летию маслихатов Республики Казахстан. На прием



қаламыздың алтын алқа және күміс алқа аналарымыз шақырылды. Қазақ халқы әрқашан отбасылық құндылықтарды жоғары қойған. Әсіресе, алтын күрсақты аналарды ерекше қадірлеген. Әрбір шаңырақтың нығаюына, елдігіміздің ынтымағы мен береке-бірлігінің орнығуына, ұлдарымыз мемлекетіміздің ертеңгі нағыз азаматы болып қалыптасуына ананың сіңірген еңбегі өлшеусіз. Мәслихат төрағасы аналар қауымын Халықаралық әйелдер күнімен құттықтап, отбасының алтын діңгегі болып, келешек ұрпаққа тағылымды тәрбие беріп, ізгі дәстүрлер сабақтастығын жалғап жүре берулерін тілеп, алғысын білдірді. Қабылдау соңында мәслихат төрағасы мен депутаттары өздері аналарға арнайы әзірлеген сыйлықтары мен гүл шоқтарын және мәслихат төрағасының Алғыс хаттарын табыс етті. Қабылдауға келген аналар өздерінің алғыстарын білдіріп, тілектерін айтты.

были приглашены многодетные матери с золотыми и серебряными подвесками. Казахский народ всегда высоко ценил семейные ценности. Особенно ценили многодетных матерей. Вклад матери в укрепление каждого шанырака, в установление единства и благополучия нашей страны, в воспитание будущих граждан нашего государства неизмерим. Председатель маслихата поздравил матерей с Международным женским днем, пожелал им быть золотой опорой семьи, дать хорошее воспитание будущему поколению, продолжить преемственность добрых традиций и выразил благодарность. В завершении приема председатель и депутаты маслихата вручили матерям специально подготовленные подарки и цветы, а также благодарственные письма председателю маслихата. Пришедшие на прием матери выразили благодарность и высказали свои пожелания.

Приозерск қалалық маслихаты

СЫЙ-ҚҰРМЕТ – СІЗДЕР ҮШІН!

Жыл сайын 8-наурыз күні Халықаралық әйелдер мерекесін әрбіріміз әдемі гүлдермен, қымбат сыйлықтармен тойлауды әдетке айналдырдық. Мұндай сый - құрметті ақ жаулықта әже-аналарымызға, жұбайларымызға, әпке-қарындастарымыз бен қыз-келіндерімізге арнап ұсынып жатамыз. Әрине, бұл да шынайы көңілдің бір нышаны. Арнайы мереке болған соң мұндай ықылас-пейілдің жөні де, орыны да бар. Дегенмен, осы 8-наурыз мейрамының түп-тамыры сонау ХХ ғасырдың басындағы барша әйелдердің өз құқықтары үшін күресінде жатқанын бірі білсе, бірі білмес. Дегенмен, мерекенің шығу тарихы жайлы тарихи болжамдар да жеткілікті. Мейрам қарсаңында, Халықаралық әйелдер күнінің шығу тарихына қатысты бірнеше аңыз-әңгімелерге тоқтала кетейік. Осынау тарихи шындыққа негізделген мақаламыз Приозерск қаласында тұратын газет оқырмандарына, әсіресе жас буынға қызықты әрі пайдалы болады деп ойлаймыз. Сонымен, 8-наурыз мерекесінің шығу тарихына байланысты бірнеше нұсқамен таныс болыңыздар:

Алғашқы нұсқа: ресми, «Әйелдердің құқығы үшін күресу күні». Кеңестік кезеңдегі ресми нұсқа бойынша, 8-наурызды тойлау 1857 - жылы Нью-Йорктағы қызметші әйелдердің «бос ыдыстар шеруімен» тығыз байланысты екенін айтатын. Олар қолайсыз еңбек жағдайлары мен төменгі жалақы үшін наразылық білдірген. Бір қызығы, сол уақыттағы басылымдарда көтеріліс туралы ешқандай мәліметтер берілмеген. Бірақ тарихшылар бұл оқиғаның жексенбі, 8-наурыз күні орын алғанын анықтаған. 1910-жылы Копенгагенде өткен әйелдер форумында неміс коммунист әйел Клара Цеткин бүкіл әлемді 8-наурыз күнін «Халықаралық әйелдер күні» деп тағайындауға үгіттеді. Оның айтпағы, дәл осы күні барлық әйелдер көтеріліс жасап, сол арқылы қоғамды өз мәселелеріне назар аударуға шақыра алады. Алғашында бұл мереке «Халықаралық еңбекші әйелдердің құқықтарын қорғау күні» болып аталса, 1921 - жылдан бастап КСРО-ның ресми мейрамдарының қатарына қосылды.

Екінші нұсқа: еврей ханшайымын мадақтау: Тарихшылар «Клара Цеткин неміс отбасынан шыққан ба, әлде еврей отбасынан ба?» деген сұрақтың нақты жауабын анықтай алмаған. Дегенмен, оның еврей ұлтының

азаматшасы болғанын дәлелдейтін деректер де бар. Сонымен, екінші нұсқа Цеткиннің әйелдер күні тарихын еврей ұлтының тарихымен – Пурим мерекесімен байланыстырғысы келген деп болжайды. Аңызға сүйенсек, Персия билеушісі Ксеркстің сүйіктісі Эсфир өз сиқырымен еврей халқын жойылудан сақтап қалған екен. Ксеркс барлық еврейлерді өлтірмекші болғанда, Эсфир оны еврей халқын аман алып қалуға ғана емес, олардың барлық жауларын, тіпті Персиялықтардың өздерін қырып тастауға итермелеген. Бұл оқиға еврей күнтізбесі бойынша 13-Ард күні (бұл ай ақпанның соңы мен наурыздың басына сәйкес келеді) орын алған. Эсфирді мадақтап, еврейлер Пурим мерекесін тойлай бастаған. Бастапқыда мейрамның уақыты ауыспалы келсе, 1910-жылы дәл 8-наурыз күніне сәйкес өткізілген.



Үшінші нұсқа: «ежелгі мамандықтың» әйелдері туралы: үшінші нұсқа – Халықаралық әйелдер мерекесін асыға күткен әйелдер қауымы үшін ең жанжалды болжам болуы мүмкін. 1857-жылы Нью-Йорк әйелдері шынымен де наразылық білдірді, бірақ олар еңбекші әйелдер емес, «жеңіл жүрісті» әйелдер болатын. «Ежелгі мамандық» иелері өз қызметтерін пайдаланып, кейін төлеуге ақшасы болмаған еркектерден төлемақы талап еткен.

1894-жылы 8-наурыз күні Парижде кезекті рет «жеңіл жүрістілердің» көтерілісі болған. Бұл жолы олар өз құқықтарын киім тігумен, нан пісірумен, т.б. айналысатын еңбекші әйелдермен қатар қоюды және арнайы кәсіподақтар құруды талап еткен. Оқиға 1895-жылы Чикагода, 1896-жылы Нью-Йоркте, Цеткиннің осы

мерекені Халықаралық әйелдер күні ретінде белгілеген қаласында жалғасын тапқан. Сонымен қатар, дәл 1910- жылы Клара Цеткин-бір топ «жеңіл жүрісті» әйелдер тобымен «полициялар тәртіп бұзуын тоқтатын» деген талаппен көтеріліске шыққан. Алайда, кеңестік нұсқада ол «жеңіл жүрістілер» емес «еңбекші әйелдер» сөзімен алмастырылған. Себебі белгісіз, ал ақиқатын ашайын деген ешкім жоқ.

Қорыта айтқанда, «халық айтса, қалып айтпайды», «ел құлағы – елу» демекші, бірнеше ұлттар арасында таралып кеткен бұл аңыздар 8-наурыз күнін «Халықаралық әйелдер күні» мерекесі деп атауға еш кедергісін тигізген жоқ. Ал, оны тойлау, әлде тойламау әркімнің өз еркінде. «Әйел» атаулыға сыйлық сыйлап, көңілдерін қуанту үшін бір күннің болуы міндетті емес. Себебі, әйелдер әр күні бақытты болуға

жүгінсек, еліміз бойынша мемлекеттік қызметтегі әйелдердің үлесі 58 пайыз болса, солардың ішінде, жоғары лауазымдағы әйелдер қаншама, Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісінде депутаттар, министрлер, вице-министрлер бар, аудан, ауыл әкімі қызмет атқаруда. Мемлекеттік қызметтерде басшылық тұтқасын ұстап отырғандар да жеткілікті.

Қазақ не үшін тілді «Ана тілі» деп айтады? Не үшін «Ата тілі» деп айтпайды? Өйткені, сәбиге барлық қасиет пен құт, тәрбие мен өнеге анадан, ана сүтінен дариды. Тіл де, діл де ананың берекесі мол рухани әлемі мен аялы алақаны арқылы жүрекке жол тауып, санаға сінеді. Қазақ эпостарындағы Құртқа, Гүлбаршын, Назым мен Ақжүніс, ұлыс анасы мен ұлт мәйегі болған Домалақ ене, Қыз ене, Айша-биді, Абақ ана, Абайдың анасы Ұлжан, ел басына күн туғанда қолына найза-қалқан алып жауға шапқан Бопай – қазақ әйелінің тұлғасы мен оның асқақ рухын әйгілеп жатыр. Іргелі елдіктің мәйегі мен ұлттық болмыс-бітім жайлы сөз қозғадық. Бұлар отан ұғымымен парапар дүниелер, әрине. «Отаншылдық отбасынан басталады» дейді қазақ. Мындаған отбасы қазақ қоғамын құрап, үнсіз-түнсіз түтіндерін түтетіп отыр. Ал отбасының береке-құты мен ұйтқысы, тағы айналып келіп қазақ әйелінен бастау алмақ. Бесік ана қолында, тіл ана көмекейінде, діл ана сүтінен дариды, шаңырақ әйел берекесімен биіктейді, ендеше, қазақ әйелін пір тұтпай, қазақ әйелін қадірлемей, қазақ қыздарының, аруларының сұлулығын танып жетпей тұрып, өзге дүние жайлы ауыз ашу артық болар. «Ел болам десен, бесігіңді түзе» деп Әуезов те тегін айтып отырған жоқ.

Осы орайда «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газетінің редакциясының ұжымы Приозерск қаласындағы барша әйел-қыздар қауымын күлімдеп келер көктемнің алғашқы және меншікті мерекелерімен шын жүректен құттықтайды! Мықты денсалық, ұзақ ғұмыр, отбасылық бақыт, қуаныш пен шаттық тілейді. Гүлдей – жайнап, күліп-ойнап жүре беріңіздер!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы
тілшісі

лайықты емес пе?! Сондықтан нәзік жанды тұлғаларға арналар жылы сөзіміз, сый-құрметіміз бен шынайы махаббатымыз хәм мейірімді көңіліміз ортаймасын! Мұхтар Мағауин: «Әлемдегі ең сұлу – қазақ әйелі: менің жарым, менің анам, менің қызым. Қазақты қазақ қылған осы әйел болатын, сұлу ғана емес, сымбатты, мінезді, ақылды, адал жар, абзал ана, ағайынға қамқор, ауыл-аймаққа құт, ердің мақтаны, елдің көркі» дейді. Бүгінгі күннің тың, өзгеше үрдісі қазақ әйеліне мүлде бөлекше, жаңа заманауи талаптар мен жауапкершіліктер жүктеп отыр. Олар тек тұрмыста ғана емес, әлеуметтік салаға, қоғамдық өндіріс пен ғылым, әдебиет, өнер, спортқа да барынша үлестерін қосып, еншілерін алуда. Нәзік-жандыларымыз журналистика мен білім беру саласының да бел ортасында жүр. Мәліметтерге

ҚАЙРАН ҚАЗАҒЫМ

Қазақ даласының теңдесі жоқ ұшқыр қырандарымен, дарабоз тарландарының елі мен жері үшін қасықтай қаны қалғанша күресіп жеңістің көк туын желбіреткен қайсар қазақтың ұрпағымыз. Біздің бойымызда Сарыарқаға Ұлы Дала елінің мәңгілік іргетасын қалаған Керей мен Жәнібек хандардың, кең-байтақ қазақ даласына әділдік орнатқан би, төрелердің қаны бар. “Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы” демекші сол қайсар хандар салып кеткен жолмен жүріп келеміз.

Моңғол шапқыншылығы кезінде, қиын-қыстау заманның тұсында жесірін қаңғытпай, жетімін жылатпай аман есен елін қорғап қалған Қабанбай мен Бөгенбай батырлардың есімі қазақ тарихында алтын әріппен ойып тұрып жазылған. Екі елдің дауын бір ауыз сөзбен шешкен Қазбек би, Төле мен Әйтеке би мәңгі жадымызда. Ел азаттығы үшін қасық қаны қалғанша шайқасқан Кенесары хан мен Махамбет батырлардың қанмен сыйлаған жерінде бейбіт өмір сүріп келеміз. 18-20 ғасырлар біздің мәңгі жадымызда күмбірлеп тұрады. Ендігі жерде Ресей еліне 70 жылдан астам бодан болған қайран қазағымның бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылған қайсар жастарын еске ала отырсақ.

Желтоқсан-заман толғағы байтақ даланың,

Шарпысқан сәтті үміт пен күдік наланың.

Қайрат, Ләззат пен Сәбира

Құрбаны болған жаланың.

Деп, әлі күнге дейін көзімізге ыстық жаспен есімізге аламыз. Осыдан 26 жыл бұрын, яғни 1986 жылы Алматының бас алаңына жастар ешқандай жаман ойсыз барған еді. Олар бейбіт жолмен тәуелсіздікке қол жеткізу үшін қатысқан. Қазақта елін-жерін, халқын жан жүрегімен сүйген, ұлтының азаттығы мен теңдігі жолында шыбын жанын құрбан еткен атпал азаматтар аз емес. Сондай азаматтардың бірі - ұлтының басына сын сағат туғанда жас болса да бас бола білген, әділетсіздікке қасқая қарсы тұрып, азаматтық мінез танытқан Халық қаһарманы - Қайрат Рысқұлбеков

Күнәдан таза басым бар,

Жиырма бірде жасым бар,

Қасқалдақтай қаным бар,

Бозторғайдай жаным бар.

Алам десең, алындар.

Қайрат деген атым бар,
Қазақ деген затым бар,
Еркек тоқты құрбандық.

Атам десең атыңдар!» - деп сот үкімін қасқайып қарсы алған өр тұлғалы Қ. Рысқұлбеков, қылышынан қан тамған қызыл империяның сан қилы қияңкескі әрекетін осы бір ауыз өлеңінің рухымен таптап тастаған тәрізді көрінеді де тұрады... Міне осындай батыр, жауынгерлермен, рухты тұлғалардың ұрпағы екеніме қуанамын.

Мен-кешегі қанды шайқаста ұлы ерлік көрсеткен Мәншүк пен Әлия әпкелердің, Бауыржан мен Талғаттай ағалардың кіндік қаны тамған жерде өмір сүрудемін.

Қазақтың қасиетін тану - Абайды танудан басталмақ. Халқымыздың сөз өнерін зерделеу - Абай тағылымын бағамдаудан байқалмақ. Абай - қазақ тарихындағы қайталанбас сом тұлға. Абай биігі - халқымыздың көркемдік ой-танымында ешкім жетпеген заңғар. (с) Мұхтар Мағауин.

Абай, Шәкәрім, Ахметтер өр тұлға, рухы биік қазақтың ұлылары. Қазақты қазақ еткен осындай жазушылар мен ақындардың бізде елімізде туылып өскеніне таң қаламын. Біз сондай жақсылардың ұрпағы бола тұра, өз елімізге деген патриоттық сезімнің дәмін сезіне білетін ұрпақпыз.

Қазіргі 21 ғасыр батыры деп Дінмұхаммед Құдайбергеновты атап айтуға болады. Қытай Халық Республикасының үлкен сахнасында өз өнерін паш еткен бірден-бір жас әнші. Бүкіл әлемді қазақ деген ел бар екендігіне мойындапта білген біздің мақтанышымыз. Сондықтан осындай жас талапкерлерді дайындау жолында тынбай еңбек ету міндет. Кемеңгер ұрпақтың ендігі мақсаты мен бағындарар белесі әлі алда.

Естерінде болсын, тарихта қазақты ешкім ешуақытта жаулап алған жоқ. Жаулап алғысы келгендер ел ішіне іріткі салды.

Деп, Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазақты қан қақсапай ел етіп біріктерген азамат. Біз Елбасымызды үлгі ете отырып, алға ұмтылуға күш жинаймыз. Біз қазақтың қайсар жас ұланымыз.

*Измилевова Тойжан
Ганиқызы*

23 АҚПАН 2024Ж – 22 НАУРЫЗ 2024Ж

«ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ТУБЕРКУЛЕЗГЕ
ҚАРСЫ КҮРЕС КҮНІ»

Қарағанды облысы көлемінде туберкулездің алдын алу бойынша айлық өткізу туралы «Қарағанды облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті» РММ 2024ж 12 ақпандағы №31-Ө және «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» РММ 2024ж 12 ақпандағы №61-Ө қала аумағында ағымдағы жылдың 23 ақпан мен 22 наурыз аралығында өткізіледі.

Туберкулез – ол созылмалы инфекциялық сырқат, қоздырғышы туберкулез микобактериялары. Туберкулез қоздырғыштары қышқыл ортаға төзімді, ұзақ уақыт шыдайды. Туберкулез таяқшасын неміс ғалымы Роберт Кох 1882 жылы ашқан. Туберкулез микобактериялары жануар, құс, адам микобактериялары түрлері бар. Адам микобактериясы адамда туберкулез сырқатын қоздырушы. Микобактериялар жіңішке, тік немесе сәл иілген таяқшалар, ұзындығы 1-10 мкм, ені 0,2-0,6 мкм.

Туберкулез сырқатының түрлері көп: тыныс алу жүйесі туберкулезі, несеп шығару жүйесі туберкулезі, көз туберкулезі, перифериялық лимфа түйіндері туберкулезі, сүйек туберкулезі, буындар туберкулезі. Осылардың ішінде ең көп таралған түрі өкпе туберкулезі.

Микобактериялар адам ағзасына жоғары тыныс алу жолдары арқылы, сирек жағдайда асқазан ішек, терінің бұзылуы арқылы ағзаға түседі.

Микобактериялар жұққан бетте туберкулез процесстерін тудырмайды. Адам ағзасының әлсіреуі, өмір сүру салтының бұзылуы сырқаттың пайда болуына әкеледі. Белгілері: дене температурасының көтерілуі,

әлсіздік, тершендік, тахикардия, тәбеттің болмауы, жөтел, жұмысқа қабілеттің төмендеуі, кей кезде психикалық өзгеріс те болуы мүмкін.

Ауырған адамдар арнайы стационарлық көмек алады. Ауруды емдеу әлдеқайда ұзақ, 1 жылдан аса уақытқа созылады. Сондықтан ауруды асқындырғаннан көрі, алдын алу қажет.

2024 ж туберкулез сырқатына арналған ұраны: «Иә! Біз туберкулезді жеңе аламыз!»

Туберкулездің алдын алу жолдары:

- 1) Салауатты өмір сүру
- 2) дұрыс тамақтану
- 3) спортпен белсенді араласу
- 4) жеке гигиенаны сақтау
- 5) флюорографиялық тексеруден

әр жыл сайын өту (мұны әр адам өзіне міндеттеу қажет!).

Туберкулез сырқатының ең тиімді тәсілі адам жаңа өмірге келгенде перзентханада БЦЖ екпесін алады. Ол екпеден алған иммунитет 5-7 жылға дейін.

Адам ағзасында Туберкулез микобактериясының бар жоғын анықтау мақсатында, Манту реакциясы салынады, ол вакцина емес, тест ретінде қолданылады.

Құрметті оқырман! Өзіңіздің және жақындарыңыздың денсаулығын қорғау мақсатында уақытында флюорографиялық тексеруден өтуді, Манту реакциясын балаларыңызға жасатудан бас тартпай, уақытында екпе алуыңыз қажет екенін ескертеміз!

*Приозерск қалалық
санитариялық –
эпидемиологиялық
бақылау басқармасы*

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №10/88, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.